«Нұрай» жеке балабақшасы

Бекітемін:
Балабақша меңгерушісі
Л.Бакешова

Тексерілді:
Балабақша әдіскері
А.Айғабыл

# АШЫҚ ОЙЫН
# ІС - ӘРЕКЕТІ

**Білім беру саласы:** Денсаулық.
**Бөлімі:** Дене шынықтыру
**Тақырыбы:** «Көңілді балақайлар»
**Тобы:** «Айзере» ортаңғы тобы

**Тәрбиеші:** Жұбатқан Назым

**2024 жыл**

**Ашық ойын іс-әрекеті:** Дене шынықтыру

**Тақырыбы:** «Көңілді балақайлар»

**Күні:** 23.04.2024 жыл

**Мақсаты:** Денсаулық сақтау технологиясын қолдана отырып, балалардың денсаулығын нығайту, қимыл белсенділігін нығайту. Дене жаттығуларын орындауға қызығушылықтарын ояту. Лақтыру және қағып алу дағдыларын қалыптастыру. Қимылды ойындар мен ұлттық ойындарға балалардың белсенділігін арттыру.

**Құрал – жабдықтар:** жабысқақ доптар, кілемшелер, футбол қақпасы түрлі – түсті жұмыртқалар,сақиналар.

**Мотивациялық қызығушылықтар:** Сапқа тұру. Балалардың көңіл - күйін сұрау. Дене шынықтыру іс әрекеті туралы әңгіме айту

**Арнаулы жаттығулар:**

Шеңбер бойымен жүре отырып негізгі қимылдары жасау.

Жәймен жүгіру.

Қолдарын бастарына қою, өкшемен жүру.

Қолдарын белдеріне қою арқылы аяқ ұшымен жүрі.

**Ұйымдастырушы ізденуші:**

Шеңберге тұру. Дене қыздыру жаттығуларын жасау.

1. Бас пен мойын бұлшықеттеріне арнаған жаттығулары:
Басты оңға, солға айналдыру
2. Иық бұлшықеттері арналған жаттығулар. Қолын иыққа қою арқылы, иықты алдыға, артқа айналдыру.
Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығулар:
3. Қол бұлшықеттеріне арналған жаттығулар. Қолдарын қайшылау.
4. Дене бұлшықеттеріне арналған жаттығу. Оңға қарай иілу, солға қарай иілу.
5. Аяқ бұлшықеттеріне арналған жаттығулар.

**Тосын сый:** Сайқымазақ топқа келеді. Балалардың көңіл күйлерін көтеріп.
Негізгі қимылды жаттығу.
**Қимылды ойын:** «Жабысқақ доп»
**Мақсаты:** Лақыту және қағып алу дағдыларын қалыптастыру. Жұптық жұмыс жасау.
**Әуенді сергіту сәті.** «Көңіл күйлер»

Сапқа тұрып. Екі топқа топтасы. Қошқар мүйіз ою тобы, қанатты ою тобы.
**Қимылды ойын:** «Футбол қақпасы»

**Мақсаты:** Лақтыру дағдыларын қалыптастыру.
**Шарты:** құм қапшықты қақпаға салу.
**Қимылды ойын:** «Түрлі түсті жұмыртқалар»
**Мақсаты:** балаларды шапшаң қимылдауға дағдылардыру.
**Шарты:** АФК кілемше үстімен қасыққа салынған жұмыртқаны сындырып алмай мәреге апарып, жұмыртқа ішіндегі сақиналарды орындары орналастыру.
Сайқымазақ балаларға өз сыйлықтарын береді.
**Рефлексі коррекциялаушы**
Тыныс алу жаттығуы:
«Флешмоб»

**Нені біледі:** Жаттығуларды орындау.
Қандай түсініктерді игереді: шапшаңдық, ептілік, ұйымшылдық
Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Жетекшінің нұсқауы мен негізгі іс - әрекетті меңгереді.

# «Айзере» тобы

# Дене шынықтыру ашық іс-әрекеті



Тәрбиеші: Жұбатқан Назым

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі: Д.Бекенова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері: А.Айғабыл

# «Мамандықтың бәрі жақсы»

## ашық іс-әрекет

**Тәрбиеші: Әбілғазы Г.**

**«Айзере» ортаңғы тобы**

**2024 жыл**

***Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»***

***Мақсаты:*** балалардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру:

Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінң түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру;

Балалардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңдай білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

***Барысы:***

- Балалар, көңіл-күйлерің қалай?
- Жақсы.
- Ай, ай, тісім-ай!
- Тісіңе не болды, Бекасыл?
- Тісім ауырып тұр, апай.
- Бекасыл, біз дәрігерді шақырайық, ол сенің тісіңе не болғанын айтып берсін.

Ортаға тіс дәрігері келеді.

- Мен тіс дәрігерімін. Қане, Бекасыл, тісіңді қарайын.
- Сен кеше кәмпит жегенсің ғой, сол себепті тісің ауырып тұр.
- Балалар, кәмпит жеуге бола ма екен?
- Жооок!
- Неге, балалар?
- Өйткені тісіміз ауырып, түсіп қалады.
- Біз тісімізді күніне 2 рет жууымыз керек, таңертең және кешке.
- Балалар тіс дәрігерінің айтқанын тыңдаймыз ба?
- Иа.

- Жарайсыңдар, балалар, Адина бізде тіс дәрігері екен. Сендер өскенде кім болғыларынкеледі?
- Медина, сен кім болғың келеді?
- Мұғалім боламын.
- Мұғалім не істейді?
- Балаларға сабақ үйретеді.
- Ал, Сәкен, сен кім болғың келеді?
- Мен, өрт сөндіруші боламын.

- Өрт сөндіруші не істейді?
- Өртте қалған адамдарды құтқарады.
- Ал, Асылым, сен кім болғың келеді?
- Мен дәрігер боламын.
- Дәрігер не істейді?
- Жөтелгенде дәрі береді.
- Жарайсыңдар, балалар

Ортаға Алдар Көсе келеді.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар. Мен алыс жолдан келдім. Байлардың алтындарын тартып алып, кедейлерге көмек беріп келе жатырмын. Байларды алдап, әділдік орнатып келе жатырмын. Енді сендерден көмек сұрап келдім. Маған көмектесесіңдер ме?
- Иа.
- Жақсы, менің сандығымда жұмбақтар бар, сол жұмбақтарды шешуге көмектесіңдерші. Ол үшін апайларыңның ұялы телефоны керек. Осылайша, балалар, Алдар Көсемен жұмбақтарды шешіп, Алдар Көсені шығарып салады.

- Балалар, қазір мен сендерге карточка таратамын, оның артында суреттер жасырылған. Ол суреттерді фонариктің көмегімен қарап білесіңдер. Сол бойынша әр ойын орталықтарына бөлінесіңдер.

Солай балалар ойын орталықтарына бөлінеді.

1. «Шаштаразшы» ойыны
   Балалар, қараңдаршы, мына шерде шаштары ұзын болып өсіп кетіпті. Қазір сендер шаштаразшы болып шаш қиып, сәндейсіңдер.

2. «Құрылысшы» ойыны
   Балалар, қазір сендер мына үйдің қабырғасын кірпіштен қалайтын боласыңдар, яғни құрылысшы болып ойнаайсыңдар.

3. «Аспазшы» ойыны
   Балалар, сендердің алдыңдарыңда пицца бөліктері жатыр, казхір сендер соны құрастырып, бетіне қызанақ, шұжықтарын қойып, пицца дайындап, аспазшы болып ойнайсыңдар.

4. «Тілші» ойыны

Балалар, сендердің алдарыңда әр түрлі мамандықтың өз жұмыстарында пайдаланатын заттары берілген. Соларды тауып, жұптастырып, зерттейсіңдер, яғни, тілші болып ойнайсыңдар.

5. «Тәжірибеші» ойыны

   Балалар, сендердің алдарыңа ас содасы берілген, оған сендер әр түрлі түстегі су тамшылатып, қандай реакция жүретінін тәжірибе жасап көресіңдер. Және не пайда болатынын айтасыңдар.

- Балалар, сендер әр мамандықтың жұмысқа киетін өз киімі болатынын білдіңдер. Дәрігер қандай киім киеді?
- Ақ халат киеді.
- Ал құрылысшылар басына неге бас киім киеді?
- Басына зақым келмес үшін.
- Ал аспаздар неге басына бас киім киеді?
- Тамақ жасағанда шашы тамаққа түспес үшін киеді.
- Жарайсыңдар балалар. Балалар, біздің қазақ халқының өзінің ұлттық киімдері бар. Яғни жас ерекшелігіне байланысты. Соған орай ойын ойнайық. Мысалы, қыз балалар басына сәукеле, үстіне ккйлек киген. Ал әжелеріміз басына кимешек киген.
- Балалар, сендерге бүгінгі ойынымыз ұнады ма?
- Иа.
- Жарайсыңдар, балалар.



"Айзере"ортаңғы тобы
"Мамандықтың бәрі жақсы", 2024 жыл

**«Нұрай» жеке балабақшасында**

**өткізілген ашық ойын іс-әрекеті**

# Анықтама

**Өткізілген күні:01.12.2024**

**Тобы: «Айзере» ортаңғы топ**

**Тәрбиеші: Әбілғазы Гүлсім**

**Тақырыбы: «Мамандықтың бәрі жақсы»**

*Ашық іс-әрекеті кіріктірілген ойын іс-әрекеті болды. Тақырыпты толығымен аша білді. Ойын іс-әрекетін өткізу барысында балалардың түсініктерін кеңейтіп, есте сақтау дағдыларын жетілдірілген, еркін сөйлеп,сұраққа жауап беруді үйренген.Сандарды санап, кері санауды және де кеңістікті бағдарлау меңгеріп тұр.Тәрбиешінің балалармен жұмыс жасалған қызметі көрінуде. Балалардың қызығушылығын арттырып, ойын барысында көрнекіліктермен, үлестірілмелі материялымен балалар жұмыс жасалда.. Ашық ойын іс-әрекеті өте жақсы деген бағада.*

**Әдіскер:** **А.Айғабыл**

“Нұрай” жеке балабақшасы

Бекітілді:
Балабақша меңгерушісі: Бакешова Л.

Тексерілді:
Балабақша әдіскері: Айғабыл А.

# “Алыс-жақын. Шаршы”

“Айзере” ортаңғы тобы
Тәрбиеші: Әбілғазы Гүлсім

2023 жыл

**…қырыбы:** Алыс-жақын. Шаршы.

**…әрбиеші:** Әбілғазы Гүлсім

**Күні:** 1.12.2023 жыл

**Мақсаты:**

- Балаларды геометриялық пішін – шаршымен таныстыру;
- алыс-жақын ұғымды бекіту;
- балаларды геометриялық пішіндермен таныстыруды жалғастыру, шаршының басқа пішіндерден өзгешілігін түсіндіру;
- ойын арқылы алыс-жақын туралы түсініктерін кеңейту;
- балаларды қоршаған айналасынан геометриялық пішіндерге ұқсас заттарды таба білуге үйрету;
- алыс-жақын тұрған заттарды айта білуге ынталандыру;
- достыққа, тәртіпке шыдамдылыққа қызығушылық танытуға тәрбиелеу.

**Қолданылатын құралдар**: құрастырғыш ойыншықтар, магнит таяқшалары, боялған күріш, әр түрлі пішіндес заттар, балмұздақ таяқшалары.

**Күтілетін нәтиже**: заттардың суретте және өзінің айналасындағы кеңістікте орналысуын ажыратуды және атауды біледі; заттардың пішінін ажыратуды, салыстыруды меңгереді.

**Барысы:**

- балалар, көңіл-күйлерің қалай?
- Көңіл-күйіміз тамаша.
- Қазір жылдың қай мезгілі?
- Қазір жылдың қыс мезгілі.
- Балалар, қараңдаршы бізге қонаққа Жомарт атай мен Бейбайша әжей келіпті. Олар бізден көмек сұрай келген екен.
- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Сәлеметсіз бе!
- Мына аталарың маған бауырсақ пісір деп қоймай қойды. Содан қаптың түбін қағып, бір уыс ұннан қамыр илеп, майға қуырып бауырсақ пісірдім. Оны суысын деп терезе алдына қойып едім, жоғалып кетті.
- Енді балалар, сендерден сол бауырсақты тауып берулеріңді сұраймыз.
- Балалар, атай мен әжейге көмектесеміз бе?
- Иә, көмектесеміз.
- Ендеше, іздеуге орманға шығайық.

- Балалар, қараңдаршы, ормандағы ағаштар қандай керемет. Балалар, қояннан сұрайықшы, бауырсақты көрді ма екен?
- Қоян үндемейді, балалар, қоян мына ағашқа жақын ба әлде аю жақын ба?
- Ағашқа қоян жақын тұр.
- Ендеше, аюдан сұрайықшы, бауырсақты көрді ма екен?
- Балалар, маған кірпі алыс па әлде аю алыс па?
- Менен аю алыс тұр.
- Енді балалар, кірпіден сұрайықшы, бауырсақты көрді ма екен?
- Ал, балалар, маған кірпі жақын ба әлде түлкі жақын ба?
- Маған кірпі жақын тұр екен.
- Ендеше, қараңдаршы бауырсақ қайда жасырыныпты?
- Бауырсақ саңырауқұлақтың артына жасырыныпты.
- Бауырсақ бізге жақын ба әлде аю жақын ба?
- Бізге бауырсақ жақын екен.
- Ендеше, балалар бауырсақты атасы мен әжесіне қайтарайық.
- Рақмет, балалар!
- Балалар, енді мен сендермен ханталапай ойынын ойнағым келіп тұр.
- Қазір сендерге асықтарды шашатын боламын, және бір-бір асықтан алатын боласыңдар.
- Ал, балалар, кім қандай түсті асық алды?
- Қызыл түсті, сары түсті, жасыл түсті, көк түсті асық.
- Ендеше, осы асық түстері бойынша жұптасып бірігейікші.
- Жұптасып болсақ балалар, менің қолыма қараңдаршы, қандай пішіндер бар? Олардың түстері қандай?
- Үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш, шеңбер пішіндері бар екен.
- Енді, балалар, осы карточкаларға қарап, асықтардың көмегімен пішіндер құрастырамыз.
- Кім қандай пішін жасады?
- Үшбұрыш жасады, шаршы жасадық.
- Жарайсыңдар, балалар.
- Олай болса, қолымыздағы асықтың түсіне қарай ойын орталықтарына бара қойыңдар, асықтарыңды өз түсіне сәйкес ыдыстарға саламыз.

1. Балалар, көк түсті асық алған балалар, мына пішіндерді өз реті бойынша орындарына қойып шығамыз. Яғни түстеріне қарап отырып, пішіндерді ұяшықтарға дұрыс орналастырамыз.
2. Ал, сары түсті асық алған балалар, мына магнит таяқшасының көмегімен ыдыста жасырылған әр түрлі пішіндес заттарды тауып алып шығуы керек. Және олардың ішінен шаршы пішінін атап айтуы тиіс.

3. Ал, қызыл түсті асық алған балалар, мына құм арасынан карточканы тауып, соған қарап пішіндер құрастыру қажет, яғни балмұздақ таяқшасының көмегімен, түстеріне қарай орналастырады.
4. Ал, жасыл түсті асық алған балалар, мына көлік артына жүктерін түсіне қарай орналастыру керек, яғни карточкаға қарап отырып сәйкестендіру керек.

- Ал, балалар, ендеше ойнап болсақ өз орнымызға отырамыз. Қазір мына дүрбінің көмегімен фермадағы жануарлардың орнын айтатын боламыз.

- Қарандаршы, суретте не көріп тұрмыз?
- Сиыр, құс, итті көріп тұрмыз.
- Балалар, сиыр қалай дыбыстайды?
- Мөөөөөөөөө.
- Ал, балалар стырдың төлін не дейміз?
- Сиырдың төлін бұзау дейді.
- Ал балалар, қоян қалай секіреді?
- Ал, балалар құс қалай ұшады?
- Ал балалар ағаштың жапырақтары қандай түсті?
- Ағаштың жапырағы жасыл түсті.
- Ал қыс мезгілінде жапырақтар қандай түсті болады?
- Қыс мезгілінде жапырақтар қурап түсіп, ағаштарды қар басады.
- Енді, әкесіне балапандар жақын ба әлде сиыр жақын ба?
- Әкесіне балапандар жақын.
- Ал баласына күшік жақын ба әлде қояндар жақын ба?
- Балаға күшік жақын жүр екен.
- Енді анасына қой жақын ба әлде құс жақын ба?
- Анасына жайылып жүрген қойлар жақын екен.
- Балалар, мына арбаның пішіні қай пішінге ұқсайды?
- Арбаның пішіні тікбұрышты, ал дөңгелегі шеңбер пішініне ұқсайды.
- Ал мына көлшік пішіні қай пішінге ұқсайды?
- Көлшік шеңбер пішіндес.
- Ал, терезенің пішіні қай пішінге ұқсайды?
- Терезенің пішіні шаршы пішіндес екен.
- Жарайсыңдар, балалар. Сендерге бүгінгі ойындарымыз ұнады ма?
- Иә, ұнады.
- Олай болса, келген қонақтарға «сау болыңыздар» дейміз.











*"Алыс-жақын. Шаршы"*
*"Айзере" ортаңғы тобы*
*Тәрбиеші. Әбілғазы Г.*







«Нұрай» жеке балабақшасында

өткізілген ашық ойын іс-әрекеті

## Анықтама

**01.12.2023** «Айзере» ортаңғы тобында тәрбиешісі: Әбілғазы Гүлсім тақырыбы: «Алыс-Жақын.Шаршы» кіріктірілген ойын іс-әрекеті болды. Тақырыпты толығымен аша білді. Кіріктірілген ойын іс-әрекеті өткізді барысында балалардың түсініктерін кеңейтіп, есте сақтау дағдыларын жетілдірілген, еркін сөйлеп,сұраққа жауап беруді үйренген.Сандарды санап, кері санауды және де кеңістікті бағдарлау меңгеріп тұр.Тәрбиешінің балалармен жұмыс жасалған қызметі көрінуде. Балалардың қызығушылығын арттырып, ойын барысында көрнекіліктермен, үлестірілмелі материялымен балалар жұмыс жасалда.. Ашық ойын іс-әрекеті өте жақсы деген бағада

**Әдіскер:** – **А.Айғабыл**

«Нұрай» ЖШС жеке балабақшасы

Бекітемін:  
Балабақша меңгерушісі:  
Л.Бакешова

Тексерілді:  
Балабақша әдіскері:  
А.Айғабыл

# Кіріктірілген ойын іс- әрекеті

**Тақырыбы: «Күзгі бақта»**  
**«Шаңырық» ересек тобы**  
**Топ тәрбиешісі: Жұбатқан Назым**

2024 оқу жылы

**Күні:** 20.11.2024ж.

**Кіріктірілген ашық ойын іс әрекеті тақырыбы:** «Күзгі бақта»

**Мақсаты:** Біртұтас тәрбие аясында балаларға ұлттық құндылықтарды дәріптей отырып, эколгиялық тәрбиені қалыптастыру. Балаларға Күз мезгілі туралы білімдерін арттыра отырып,достарына көмек беруге тәрбиелеу. Табиғатты аялауға дағдыландыру.

**Әдіс-тәсілдер:** АКТ, зерттеу, дәстүрден тыс сурет салу.

**Бақылау түрі:** жанама бақылау, жалпылама бақылау,тікелей бақылау

**Құрал – жабдықтар:** әртүрлі жапырақтар, Күзгі бақ, Жылыжай, бақша, үстел үсті ойындары.

**Балалар іс әрекеті:** «Қонақ күту салты»

Қазақтың салты бойынша қонақтарымыздың қолдары су құйылады. Дастарға отырғызып дәменнен дәм таныңыздар деп, жемістен жасалған шәрбаттан ұсынады.

**Ұйымдастырушылық кезең:**

Балалар көңіл күйлерін қалай?

Бір жылды неше мезіл бар?

Бір жылда неше ай бар?

Бір аптада неше күн бар?

Бүгің апта қай күні?

**(Күз мезгілін бейнелейтін әуен қосылады)**

Қазір жылдың қай мезгілі екен?

Күз мезгілі ерекшеліктері қандай?

**Ойын:** «Жапырақтарды үрле»

**Мақсаты:** Балалар үрлеу арқылы тыныс алу жаттығуларын жасайды.

**Шарты:** Орындық артында тұрған ағаштағы жапырақтарды жылдам үрлеу.

Күзгі баққа серуенге барамыз ба?

**Негізгі бөлім:**

**Тосын сый:**

Төбеден сары түсті жапырақтар түседі. Жапырақтар арасынан ақша шығады.

**Еркін ойын:** «Жапырақтарды жинайық»қимылды ойын

**Мақсаты:** Балалар бірлесе жұмыс жасай отырып, шапшаңдыққа тәрбиеленеді.

**Шарты:** Жапырақтарды жылдам жинау.

**Еңбек туралы мақал мәтелдер айтады:**

Еңбек еткен — мұратқа жеткен.

Еңбегіне қарай табысы,

Ерлігіне қарай дабысы.

**Балалар жолға шығады.**

Кассадағы апай ұйықтап отыр екен.

**Тәрбиеші:**

Балалар Кассадағы апайды қалай ұятамыз?

**Балалар:**Ән айтып берейік дейді.

«Күзгі вальс» хор

**Кассадағы апай:**

Сәлем, балалар!

Әнді жақсы шырқайды екенсіндер, маған қатты ұнады.

Балалар кассада апайға ақшаларын беріп билеттерін алды.

Күзгі шаққа кірген сәтте алдымыздан Бағбан аға күтіп алады.

**Бағбан аға:**

Балалар сендерге қызықты ойындарым бар. Ойнайсындар ма?

**Еркін ойын:** «Көкөністерді жина» **қиылды ойын**

**Мақсаты:** жылдамдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу

**Шарты:** Балалар себеттерге көкөністер түрлерін бөліп жинау.

**Ойын: «Жылыжай»** Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын:

**Мақсаты:** Балалар көкөністерді көшетке отырғызу арқылы, зерттеу жұмыстарын жасауға дығдыланады.

**Шарты:** Көшеттерге көкөністерді отырғызу.

**Үстел үсті ойыны:** «Жүгері тазалау»

**Мақсаты:** балаларды ұқыптылыққа, жылдам қозғалуға тәрбиелеу.

**Шарты:** Жүгеріні тазалау және шелектерге орналастыру.

**Сурет салу. Күзгі өзгерістер.**

**Мақсаты:** күз мезгілі туралы түсініктерін пысықтау.

**Шарты:**суреттегі үлгіге қарап бояп шығу.

**Үстел үсті ойыны:** «Үй құстары»

**Мақсаты:** Балалар үй құстары туралы білімдерін кеңейту.

**Шарты:** Үй құстарын орындарына желіммен жапсыру.

**Ойын:** «Неше балапан бар?»

**Мақсаты:** Балалар санау дағдысы қалыптасады.

**Шарты:** Балалар балапанды санайды және цифрмен танбалайды.

**Тосын сый:**

Жел соғады. (жел дауысы)

Желмен әртүрлі қоқыстар ұшып келеді.

**Еркін ойын:** «Кім шапшаң» қимылды ойын

**Мақсаты:** Балаларға эколгиялық тәрбие білімдерін кеңейту.

**Шарты:** Төрт түрлі қоқыс жәшігі тұрады. Әйнек,пластик,қағаз,темір жәшіктерге өз орындарына жылдам салу.

**Ойын:** «Тез,тез танда» педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын.

**Мақсаты:** балалар санды атай отырып, санауға дағдыландыру.

**Шарты:** қолдарындағы қағазды тақтадағы сандармен бірлестіру.

***Қорытынды:***

**Сұрақ жауап:**

Балалар біз қайда бардық?

Қандай ойындар ойнадық?

Сендерге ойындар ұнады ма?

«Шаңырақ» ересек тобы

Ашық іс- әрекеті тақырыбы:: «Күзгі бақта»












Топ тәрбиешісі: Жұбатқан Назым
20.11.2024жыл

«Нұрай» ЖШС жеке балабақшасы

Бекітемін:

Балабақша меңгерушісі:

Л.Бакешова

Тексерілді:

Балабақша әдіскері:

А.Айғабыл

# Кіріктірілген ойын іс- әрекеті

**Тақырыбы: «Жемістер мен көкөністер»**

**«Шаңырық» ересек тобы**

**Топ тәрбиешісі: Ботакөз Сақитжанқызы**

2024 оқу жылы

**Күні:** 28.11.2024 жыл

**Тобы:** «Шаңырақ» ересек тобы

**Тақырыбы:** «Жемістер мен көкөністер»

**Мақсаты:** Жемістер мен көкөністердің түрлері туралы түсініктерін кеңейту, денсаулыққа пайдасы туралы мағлұмат беру, бақ және бақша туралы түсінік қалыптастыра отырып, табиғатты қорғауға тәрбиелеу, біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында жол қозғалысы ережелерін қайталау және ұлттық тағам түрімен таныстыру

**Керекті құралдар:**. Суретті атрибуттар, муляжлар, себетке салынған жемістер мен көкөністер, бақша және бақтың макеті, гуаш, жеңқап, ылғалды майлықтар, қысқыш, үлкейткіш, кептірілген жемістер, дидактикалық ойынғ арналған үлестірілмелі материалдар

**Әдіс-тәсіл:** Көрсету, түсіндіру, ойын әдісімен тақпақ сұрау, АКТ, зерттеу, сұрақ-жауап, мадақтау

**Оқу іс-әрекетінің барысы:**
Балалар автобуспен балбақшаға келеді.
Бағдаршамды бақылап, жолаушыларға арналған жолақпен өтіп, жол сақшысының сұрақтарына жауап береді.

**Ғажайып сәт:**
Ортада үлкен қорап тұрады. Қорапты ашқанда жемістер мен көкөністер суреті ілінген шар ұшып шығады. Қорап ішінде түрлі жемістер мен ойындар бар. Сыйлықты кім жібергенін көру үшін, кюар сілтемесі арқылы бейнеролик көру.

**Тәрбиеші:** - Сонымен, балалар бүгінгі оқу іс әрекетіміздің тақырыбы жемістер мен көкөністер жайлы әңгімелейміз.
Жемістер бақшада яғни ағашта, ал көкөністер бақта өседі. Жемістер мен көкөністерді қарайтын адамды бағбан дейміз.
Жемістерге: алма, алмұрт, жүзім, шабдалы, өрік, шие.
Көкөністерге: картоп, қызылша, пияз, сәбіз, қияр, қызанақ т. б. жатады.
Жемістер мен көкөністердің құрамында көптеген дәрумендер бар.
Көкөністерді тұқым себу арқылы өсіреміз көктем айында. Күз айында жинап аламыз.
Алманы көп жесеңдер түрлі ауруларға қарсы тұруға көмектеседі. Қараңғыда көруді жақсартады, шаштың, тырнақтың өсуіне әсер етеді. Ол жетіспегенде тері құрғап, жарылып, түсі күңгірттенеді. Жемістерден тосап және компот қайнатады. Көкөністерді тағам ретінде салаттар жасаймыз.
Ал көкөністердің пайдасы мысалы;-Сәбіздің ең белгілі пайдасы - көз

денсаулығына қосқан үлесі. · Шаштың өсуіне ықпал етеді. Сәбізде шаштың денсаулығын жақсартатын дәрумендер өте көп. Сүйек, тырнақ, шаш өсіміне оң әсерін тигізеді.Пияздың әсіресе балалардың денсаулығына пайдасы мол. Пияз түрлі вирустар мен бактерияларға қарсы тұрды екен. Жалпы жемістер мен көкөністер біріншіден дәрумен берсе, екіншіден тағам ретінде, ал үшіншіден дастарханға сән ретінде қоя аламыз.

Жемістер бізге мол өнім беру үшін, біз олардың топырағын қопсытуымыз керек, арам шөбін жұлу және суғару керек. Жер ана мейірімді, өйткені көкөністерді өсіреді, күн де мейірімді шуығын төгеді.

Жемістерден түрлі дәрумендi шырын жасауға болады.
Жемістерден түрлі кампоттар, тосаптар жасап, көкөністерден салаттар жасап қыс мезгіліне сақтауға болады.

**Қимылды ойын:** «Жеміс, көкөніс»
**Мақсаты:** жемістер мен көкөністерді ажырата білу, оларға тақпақ арқылы сипаттама беру
**Шарты:** Қораптан шыққан жемістер мен көкөністерді бір-біреуден қолына шеңбер жасап ұстап тұрады. Ойыншы тәрбиеші атаған жемісті ұстап сол туралы тақпағын айтады.

Асханадан шықпаймын,
Атым – пияз бұқпаймын.
Көзден жасты шығарып,
Тұмаудан бірақ
сақтаймын./*Асылым*/

Өсіретін бойыңды,
Дамытатын ойыңды,
Қоянға да азықпыз –
Сәбіздеріміз жазықсыз./*Бекасыл*/

Тал шыбығым бұралып,
Бақшаларда қызарып,
Тұрған ол мен – қызанақ,
Күнге қарап ұялып./*Айару*/

Мен моншақты шешемін
Құмарсыңдар білемін,
Кетіп қалып жүрмесін
Тамағына сүйегім./*Зере*/

**Яблоки** созрели!
Фруктов – урожай!
Собирай быстрее,
Щедро угощай!/*Асылхан*/

**Ойын орталықтарына бөліну:**
**1-топ: «Банка жауып, жапсырмасын бояйық»** (алма, қияр, қызанақ суреті бар банкаға аталған өнімдерді салып, қақпағын жауып, жапсырмасындағы суретті бояу)
**2-топ: «Бақша күтімі» (науаға салынған құмда жәндіктер бар, қысқышпен алып, құтыға жинау, бақшаға күтім жасап, суғару)**
**3-топ: «Түріне қарай ажырат»** (араласқан кептірілген жемістерді түріне қарай ажырату, қауын қағын өру, қауынқұрт орау)

**4-топ: «Сиқырлы жіптер»** (сәбіз, алма, алмұрт бейнеленген картонға жіп өткізу арқылы сұлбасын жасау)
**5-топ: «Ойлан, тап!»** (дидактикалық ойын) (алма ағашындағы нүктелерді санап, дұрыс санды алманы жапсыру, қарбыз тұқымын санап, дұрыс санды жапсыру)

**Ойын: «Бау, бақша!»**
**Мақсаты:** Бақша мен бақты ажырата отырып, жемістерді теріп, көкөністерді жинап еңбекке ынталандыру
**Шарты:** Балалар қалаған жемістерін және көкөністерін ағаштан үзіп, бақшадан жұлып жинайды, екі түрлі себетке ажыратып салады

**Нені біледі:**
-Балалар бүгін бізге кім тосын сый жасады?
-Қандай сыйлық келді
-Нені зерттедік?
-Қандай жеміс түрлерін білдіңдер?
-Қандай көкөніс түрін білдіңдер?

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Жетекшінің нұсқауы мен негізгі іс - әрекетті меңгереді






«Жемістер мен көкөністер»
Тәрбиеші:
Бақытжанова Ботакөз

28.22.2024жыл

